

Бекітілді

«ҮМЗ» АҚ барлық дауыс беретін акцияларына
иелік етуші Жалғыз акционер

(Акционерлердің жалпы жиналысы)

2011 жылғы « 27 » қыркүйектегі № 296

Мақұлданды

«ҮМЗ» АҚ Басқармасының шешімі

2011 жылғы « 13 » мамырдағы № 16/711 хаттама

**«Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамының
ДИВИДЕНДТІК САЯСАТЫ**

Өскемен қ.

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы қағидалар	3
2. Дивидендтік саясаттың мәні	3
3. Ұғымдар, терминдер мен анықтамалар	3
4. Дивидендтік саясаттың негізгі қағидалары	4
5. Дивидендтерді белгілеу және есептеу тәртібі	5
6. Дивидендтерді төлеуге жіберілетін таза табысты есептеу	6
7. Дивидендтерді төлеу рәсімі	6
8. Акционерлердің құқықтары	7

1.Жалпы қағидалар

1.1. «Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ (бұдан әрі «Қоғам») Дивидендтік саясаты дивидендтер мөлшерін белгілеу механизмі және оны төлеуді реттейді. Дивидендтік саясат акционерлердің әл-ауқатын арттыруға және Қоғамның капиталдануының өсуін қамтамасыз етуге бағытталған. Осы Дивидендтік саясат Қоғамның дивидендтік саясаты жөнінде акционерлерге және басқа да мүдделі тұлғаларға ақпарат беруді өз мақсаты деп санайды.

1.2. Қоғамның Дивидендтік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-ІІ «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, 2003 жылғы 02 шілдедегі № 461-ІІ «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының Салық кодексіне, Қоғам Жарғысына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген. Егер Қоғам акционерлеріне дивидендтерді төлеумен байланысты қандай да бір мәселелер Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары, Қоғам Жарғысы және осы Саясатпен реттелмеген болса, онда олар акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты шешілуге тиіс.

1.3. Егер осы Саясаттың жекелеген баптары қолданыстағы заңнамаға немесе Қоғам жарғысына қайшы келетін болса, бұл баптардың күші жойылады және Саясатқа тиісті өзгерістер енгізілу сәтіне дейін осы баптармен реттелетін баптар бөлігінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының және Қоғам Жарғысының нормаларын басшылыққа алу қажет.

2.Дивидендтік саясаттың мәні

2.1. Осы Саясат акционерлердің әл-ауқатын арттыруға және Қоғамның капиталдануының өсуін қамтамасыз ету мақсатында дивидендтер мөлшерін белгілеу тәртібін және оны төлеу тәртібін регламенттейтін Қоғамның ішкі құжаты болып табылады.

3.Ұғымдар, терминдер мен анықтамалар

3.1. акционер – акцияның меншік иесі болып табылатын тұлға;

3.2. акция – акционерлік қоғам шығаратын және акционерлік қоғамды басқаруға қатысу, ол бойынша дивиденд және қоғам таратылған жағдайда оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды куәландыратын бағалы қағаз;

3.3. аффилиирленген тұлғалар – тікелей және (немесе) жанама түрде шешімдерді айқындауға және (немесе) әрқайсысы (тұлғалардың бірі) қабылдайтын шешімге, оның ішінде жасалған мәмілеге орай ықпал етуге мүмкіндігі бар (өздеріне берілген өкілеттіктер шеңберінде бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда) жеке немесе заңды тұлғалар. Қоғамның аффилиирленген тұлғаларының тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді;

3.4. дауыс беретін акциялар – орналастырылған жай акциялар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда дауыс беру құқығы берілген артықшылықты акциялар. Дауыс беретін акциялар санына Қоғам сатып алған акциялар, сондай-ақ номиналды ұстаудағы және орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ол туралы мәліметтер жоқ меншік иесіне тиесілі акциялар кірмейді;

3.5. дивиденд – акционердің өзіне тиесілі акциялар бойынша акционерлік қоғам төлейтін кірісі;

3.6. айқын басым көпшілік – акционерлік қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының кемінде төрттен үш бөлігі мөлшеріндегі көпшілік;

3.7. акциялардың бақылау пакеті – акционерлік қоғам қабылдайтын шешімдерді айқындауға құқық беретін акциялар пакеті;

3.8. ірі акционер – бір-бірімен жасалған келісім негізінде әрекет ететін, өзіне (жинақтап алғанда өздеріне) акционерлік қоғамның дауыс беретін акцияларының он және одан да көп проценті тиесілі акционер немесе бірнеше акционер;

3.9. миноритарлық акционер – акционерлік қоғамның дауыс беретін акцияларының он процентінен азы тиесілі акционер;

3.10. жарияланған акциялар – шығарылымын Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес уәкілетті орган тіркеген акциялар;

3.11. төлем агенті – банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым;

3.12. орналастырылған акциялар – акционерлік қоғамның бағалы қағаздардың бастапқы нарығында құрылтайшылар мен инвесторлар құнын төлеген акциялары;

3.13. Қоғамның тіркеушісі – Қоғамның бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу жөніндегі кәсіби қызметті жүзеге асыратын ұйым;

3.14. уәкілетті орган – бағалы қағаздар нарығын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

4. Дивидендтік саясаттың негізгі қағидалары

4.1. Осы Саясат ұсынбалы сипатта болады және Қоғамның Директорлар кеңесінің акциялар бойынша дивидендтер мөлшері және оларды төлеу тәртібі бойынша ұсыныстарды әзірлеу тәсілдемесін анықтауға арналған.

4.2. Қоғам дивидендтерді төлеуді және Қоғамның капиталдануының өсуін акционерлердің Қоғам акцияларынан табысты алудағы мүлдікті мүдделерін қанағаттандыратын негізгі әдістер ретінде қарастырады. Осы Саясат акциялардың нарықтық құнын арттыру мақсатында Қоғам алған таза табыстың тұтынылатын және капиталдандырылатын бөліктерінің арасындағы үйлесімді оңтайландыруға бағытталған.

4.3. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді Жалғыз акционердің (Акционерлердің жалпы жиналысының) шешімінің негізінде ақшалай немесе ҚР Заңнамасында жол берілетін басқа әдіспен жылына бір рет тікелей Қоғам төлейді немесе Төлем агенті арқылы төленеді. Қоғамда аралық дивидендтер жарияланбайды және төленбейді. Дивидендтер тәуелсіз аудитор растаған, жылдың нәтижелері бойынша алынған Қоғамның таза табысынан Қоғамның қаржылық есептілігіне сәйкес келетін мөлшерде төленеді. Сонымен, осы Саясаттың мақсаттары үшін күнтізбелік жыл есептік кезең болып табылады. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді бағалы қағаздармен немесе басқаша құралдармен (қаржылықтан басқа) төлеуге жол берілмейді.

4.4. Дивидендтер:

- орналастырылмаған;
- қоғам өзі сатып алған акциялар бойынша;
- егер сот немесе Қоғамның Жалғыз акционері (Акционерлердің жалпы жиналысы) оны тарату туралы шешім қабылдаса, есептелмейді және төленбейді.

4.5. Қарастырылып отырған есептік кезеңде Қоғамда таза табысы болмаса, Қоғам Қоғам Жарғысында белгіленген, алдын ала айқындалған кепілдікті мөлшерде акционерлерге - артықшылықты акциялардың меншік иелеріне дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға тиіс.

Қарастырылып отырған кезеңде таза табыс болмаса, акционерлерге - **жай** акциялардың меншік иелеріне дивидендтер төлеуге жол берілмейді.

4.6. Қоғам:

- меншікті капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер қоғамның меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

- егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе не аталған белгілер қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болса

жай және артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер есептеу туралы шешім қабылдауға құқылы емес.

4.7. Жалғыз акционер (Акционерлердің жалпы жиналысы) дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдағаннан немесе АҚ Басқармасы артықшылықты акциялар бойынша дивидендтердің кепілдікті мөлшерін төлеу күнін белгілегеннен кейін, Қоғамның өкімі бойынша Қоғамның Тіркеушісі бағалы қағаздар бойынша табыс алуға құқығы бар тұлғалар тізімін жасайды.

4.8. Дивидендтерді алуға құқығы бар акционерлердің тізімі дивидендтер төлеу басталатын күннің алдындағы күніне қарасты жасалуға тиіс.

4.9. Дивидендтерді алуға құқығы бар акционерлердің тізімінде, тізімді жасау күніне қарасты номиналдық ұстаушы клиенттер және Қоғам акцияларының меншік иесі болып табылатын сенімдік басқарушылар туралы ақпарат ашылған Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімін жүргізу жүйесінде тұрған тіркелген тұлғалар туралы ақпарат болады. Тіркелген тұлғаның сауалнамасына тиісті өзгерістерді енгізу үшін шынайы деректердің уақтылы ұсынылуы үшін жауапкершілік бағалы қағаздардың иелеріне жүктеледі.

4.10. Акциялар үлестік меншікте болған жағдайда, Қоғам тіркеушісінде бар құжаттарға сәйкес, дивидендтер акционерлер арасында олардың үлесіне сәйкес тең бөлінеді.

5. Дивидендтерді белгілеу және есептеу тәртібі

5.1. Қоғамның Директорлар кеңесі Жалғыз акционерге (Акционерлердің жалпы жиналысына) жай акциялар бойынша дивидендтер мөлшері мен оларды төлеу тәртібі жөнінде нұсқаулар ұсынады. Алдағы жылда дивидендтерді төлеуге жіберілетін таза табыс үлесін Жалғыз акционер (Акционерлердің жалпы жиналысы) таза табысты Қоғамның қызметімен байланысты мақсаттарға пайдалануды айқындағаннан кейін белгілейді, атап айтқанда:

- өндірісті дамыту және жетілдіру, ғылыми-зерттеу жұмыстары, жаңа озық технологиялар және өнім мен құрал-жабдықтың жаңа түрлерін әзірлеу және игеру;
- әлеуметтік-мәдени тұрмыс нысандарын күтіп-ұстау;
- демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету.

Қоғам жай акциялар бойынша Жалғыз акционерге есептейтін дивидендтің ең аз мөлшері нормативті есепке ала отырып белгіленеді. Жай акцияларға дивидендтер есептеу нормативін Жалғыз акционердің (Акционерлердің жалпы жиналысының) шешімімен бекітіледі және қоғамның шоғырландырылған таза табысының кемінде 10% құрайды.

Жай акциялар бойынша жылдық дивидендтер сомасы Қоғам есептік кезең үшін алған таза табыстың мөлшерінен артпауға тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі акционерлерге дивидендтер түрінде төленетін немесе бөлінбеген таза табыс түрінде қалатын және Қоғамды дамытуға қайта инвестицияланатын таза табыс үлесін белгілейді.

5.2. Қоғамның Директорлар кеңесі есептік кезең үшін Қоғамның табысын бөлуді, соның ішінде дивидендтерді төлеуге бөлуді алдын ала қарайды, бұдан кейін табысты бөлу Жалғыз акционердің (Акционерлердің жалпы жиналысының) бекітілуіне шығарылады.

5.3. Жалғыз акционерге (Акционерлердің жалпы жиналысына) Қоғамның Директорлар кеңесі ұсынатын жай және артықшылықты акциялар бойынша дивиденд мөлшері мына факторларға байланысты құралады:

- Қоғамның стратегиялық және орта мерзімді жоспарлары;
- Қоғам есептік кезең үшін алған, Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес есептелген таза табыс мөлшері;
- Қоғамның келесі есептік кезеңге қаржылық-шаруашылық жоспарлары;
- Есептік кезең соңына Қоғамның айналымдық қаржысының құрылымдары;

- Қоғамның есептік кезең соңына борыштық жүктемесі.

5.4. Қоғамның Жалғыз акционері (Акционерлердің жалпы жиналысы) шешімді қабылдау күнінен бастап он жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялай отырып, Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

5.5. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде мына мәліметтер болуға тиіс:

- Қоғамның атауы, орналасқан жері, банк және өзге де деректемелері;
- дивидендтер төленетін кезең;
- бір жай акцияға шаққандағы дивидендтің мөлшері;
- дивидендтер төлеудің басталатын күні;
- дивидендтер төлеудің тәртібі мен нысаны.

5.6. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтердің кепілдікті мөлшерін төлеу үшін Қоғам органының шешімі қажет емес. Артықшылықты акциялар бойынша есептелетін дивидендтер мөлшері осы кезең үшін жай акциялар бойынша есептелетін дивидендтер мөлшерінен кем болмауға тиіс.

6. Дивидендтерді төлеуге жіберілетін таза табысты есептеу

6.1. Дивидендтердің жалпы сомасы есептік кезеңнің нәтижелері бойынша Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша есептелген дивидендтер мөлшерінен құралады.

6.2. Артықшылықты акция бойынша дивидендтің кепілдікті мөлшері Қоғамның Жарғысында айқындалған. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер мөлшерінің белгіленген пайызын арттыру туралы шешімді Жалғыз акционер (Акционерлердің жалпы жиналысы) қабылдайды, ол сол кезеңге қоғамның жай акциялары бойынша есептелетін дивидендтер мөлшерінің белгіленген пайызынан кем болмауға тиіс.

6.3. Дивидендтің ұсынылатын мөлшерін белгілеу кезінде Директорлар кеңесі Қоғамның келесі есептік кезеңге қаржылық-шаруашылық жоспарларын, меншікті капиталының қол жеткізілген пайдалылық деңгейін, меншікті капиталының ішкі өсу қарқындылығын, Қоғамның заемдық және меншікті қаражатының қатынасын есепке алуға тиіс.

7. Дивидендтерді төлеу рәсімі

7.1. Қоғам дивидендтерді жылына бір рет ақшалай немесе ҚР Заңнамасында жол берілетін басқа әдіспен төлейді. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтің кепілдікті мөлшерін төлеуді бастау күнін және оны төлеу тәртібін Қоғамның басқармасы белгілейді. Жай акциялар бойынша дивидендтерді және артықшылықты акциялар бойынша дивидендтердің кепілдікті мөлшерінен артық төлеуді бастау және аяқтау күнін Қоғамның Жалғыз акционері (Акционерлердің жалпы жиналысы) белгілейді. Дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылданған күнтізбелік жылдың соңына дейін аяқталуға тиіс. Егер Қоғамның бағалы қағаздарының иелері есептелген дивидендтерді белгіленген мерзімдерде ала алмаса, Қоғам мұндай (сұранымсыз) дивидендтерді төлеуді жалғастырады.

7.2. Жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде және артықшылықты акциялар бойынша дивидендтердің кепілдікті мөлшерін төлеу мерзімі басталғанға дейін бес жұмыс күні ішінде төлеу туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында және Қоғамның WEB-сайтында мына мәліметтерді көрсете отырып жариялануға тиіс:

- Қоғамның атауы, орналасқан жері, банк және өзге де деректемелері;
- дивидендтер төленетін кезең;
- бір жай акцияға шаққандағы дивидендтің мөлшері;

- дивидендтер төлеудің басталатын күні;
- дивидендтер төлеудің тәртібі мен нысаны.

Қоғам дивидендтерді төлеу туралы ақпаратты мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялауға міндетті.

7.3. Егер Қоғамның жалғыз акционері (Акционерлердің жалпы жиналысы) Қоғам акциялары бойынша дивидендтерді толық көлемде төлеу туралы және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешім қабылдаса, ал келешекте тиісті жарияланған дивидендтер төлеуді шектейтін, заңнамада көзделген мән-жайлар туындаса, онда осы жағдаймен байланысты дивидендтері акционерлердің жалпы жиналысы белгілеген мерзімде төленбеген артықшылықты акциялардың акционер-меншік иелерінде акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы пайда болмайды. Бұл ретте, Қоғам дивидендтерді төлеуге шектеу қоятын мән-жайлар аяқталған соң оларды төлеп беруге міндетті. Қоғам өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, акционерлер жарияланған дивидендтердің төленуін сот тәртібінде талап етуге құқылы.

7.4. Қоғам дивидендтерді өз бетімен төлеуге (Қоғам қассасынан немесе банктік аударым) немесе басқа ұйымдарды (Банктер – Төлем агенттері) тартуға құқылы. Қоғамның Банкті – Төлем агентін тартуы Қоғамды акционерлерге тиесілі дивидендтерді төлеу үшін олардың алдындағы жауапкершіліктен босатпайды. Қажет болса, Қоғам акционерлерге Төлем агентін тарту, оны ауыстыру және оның өкілеттіктерінің аяқталу мерзімі туралы ақпарат береді.

7.5. Егер акционерлер – жеке тұлғалар дивидендтерді алу үшін өз банктік деректемелерін көрсетпеген және оларды Қоғамның қассасынан алмаған жағдайда, олардың дивидендтері Қоғамның шоттарында депозиттеледі немесе Қоғам төлеуге жататын ақшалай қаражатты Банкте – Төлем агентінде мұндай акционерлердің талап еткенге дейін ашылған шоттарына жібереді.

7.6. Қоғам есептелген дивидендтерді Қазақстан Республикасы Салық кодексінде белгіленген салықтарды есептен шығарып төлейді.

8. Акционерлердің құқықтары

8.1. Қоғам акционерлерінің құқықтары 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-ІІ «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және басқа да нормативтік актілерге сәйкес іске асырылады.